

Кәсіптік біліктілік жөніндегі ұлттық кеңес отырысының хаттамасы

Астана қ.

2023 ж. 15 қараша

Төрағалық етті: Премьер-Министрдің Орынбасары
Т.Б. Дүйсенова

Қатысты: (тізім бойынша)

1. «Кәсіптік біліктілік туралы» Заңын іске асыруға қабылданған шаралар туралы

(Дүйсенова, Жақыпова, Жұманбаев)

1.2. «Кәсіптік біліктілік туралы» Заңын іске асыруда атқарылған жұмыстар туралы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі С.Қ. Жақыпованың ақпараты назарға алынсын.

1.3. Орталық мемлекеттік органдарға:

- **ағымдағы жылғы 17 қарашаға дейінгі** мерзімде кәсіптік біліктіліктер бойынша салалық кеңестер құру жөніндегі жұмысты аяқтау және кәсіптік стандарттардың жобаларын (а.ж. көзделген) Ұлттық біліктілік жүйесінің цифрлық платформасына *(бұдан әрі – ҰБЖ)* жүктесін;

- **ағымдағы жылғы 24 қарашаға дейінгі** мерзімде кәсіптік біліктілік жөніндегі салалық кеңестермен Кәсіптер тізілімінің жобасы келісілсін.

1.4. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі:

- **ағымдағы жылғы 1 желтоқсанға дейінгі** мерзімде кәсіптер тізілімін ҰБЖ цифрлық платформасында орналастыруын;

- ҰБЖ цифрлық платформасында халықаралық кәсіптік стандарттарды орналастыруын қамтамасыз етсін.

2. Озық кадрлық қамтамасыз ету: кәсіптердің өңірлік карталарын өзірлеу және оларды салалық біліктілік жүйелеріне біріктіру

(Дүйсенова, Ахмед-Заки)

2.1. Ғылым және жоғары білім вице-министрі Д.Ж. Ахмед-Закидің жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп жүргізіліп жатқан озық кадрлармен қамтамасыз ету жөніндегі жұмысы туралы ақпараты назарға алынсын.

2.2. Ғылым және жоғары білім министрлігі мүдделі мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп **ағымдағы жылғы 30 қарашаға** дейінгі мерзімде орталық мемлекеттік органдардың кәсіптердің өңірлік карталарын қолдануы үшін өзара іс-қимылдың жалпы тетігі мен схемасын өзірлесін.

2.3. Жергілікті атқарушы органдар ағымдағы жылдың 1 желтоқсанына дейін «Мамандығым – болашағым» жобасын (бұдан әрі - Жоба) іске асыру үшін 2024 жылға арналған қаржыландыруды жаңа кәсіптердің өңірлік карталарын (Жаңа кәсіптер атласы) әзірлеуге бөлу және Жобаның өңірлік жобалық кеңселерімен өзара іс-қимылды күшейту мүмкіндігін қарастырсын.

3. Кәсіптік стандарттар негізінде әзірленген ТжКБ білім беру бағдарламаларының тізілімін қалыптастыру және жүргізу мәселелері туралы

(Дүйсенова, Ілиясов)

3.1. Оқу-ағарту вице - министрі А.Б. Ілиясовтың кәсіби стандарттар негізінде білім беру бағдарламаларын әзірлеу, білім беру бағдарламаларының тізілімін жүргізу туралы ақпараты назарға алынсын.

3.2. **Оқу-ағарту министрлігі Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау, Ғылым және жоғары білім министрліктерімен бірлесіп, ағымдағы жылдың 1 желтоқсанына дейін** білім беру бағдарламаларының тізілімдерін қалыптастыру кезінде жасанды интеллект технологияларын қолдану жөнінде ұсыныстар әзірлесін.

4. Өнеркәсіп, құрылыс индустриясы және құрылыс материалдарын өндіру салаларында біліктілік жүйесін қалыптастыру туралы

(Дүйсенова, Қарағойшин)

4.1. Өнеркәсіп, құрылыс индустриясы және құрылыс материалдарын өндіру салаларында біліктілік жүйесін қалыптастыру бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы Өнеркәсіп және құрылыс вице-министрі Т.Б. Қарағойшиннің ақпараты назарға алынсын.

4.2. **Мемлекеттік органдар ағымдағы жылғы 24 қарашаға дейінгі** мерзімде Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігімен бірлесіп 2026 жылға дейін кәсіптік стандарттарды әзірлеу және өзектендіру жөнінде ұсыныстар әзірлесін.

4.3. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі:

- Кәсіптік біліктілік жөніндегі ұлттық кеңестің кезекті отырысында қарау үшін 2024-2026 жылдарға арналған кәсіптік стандарттарды әзірлеу және (немесе) өзектендіру жөніндегі жоспардың жобасы енгізілсін;

- Өнеркәсіп және құрылыс министрлігімен бірлесіп eQurylyus жүйесін ҰБЖ цифрлық платформасымен интеграциялау мәселесін пысықтасын.

4.4. Осы хаттаманың орындалуын бақылау Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне жүктелсін.

**Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары**

Т. Дүйсенова

Тізім

1. Еңбекмині
2. ҒЖБМ
3. Оқу-ағартумині
4. ИМ
5. СИМ
6. ЭТРМ
7. ЦДИАӨМ
8. АШМ
9. ДСМ
10. Қаржымині
11. ТСМ
12. МАМ
13. СРИМ
14. ҚМ
15. ӨҚМ
16. ТЖМ
17. ҰЭМ
18. ЭМ
19. Әділетмині
20. СЖРА (келісу бойынша)
21. ҚНРДА (келісу бойынша)
22. Облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері
23. «Атамекен» ҰКП (келісу бойынша)
24. «АМАНАТ» партиясының фракциясы (келісу бойынша)
25. ҚРКФ (келісу бойынша)

Подпись канцелярии

16.11.2023 20:26 СЕРИКБАЕВА НУРСУЛУ

Подпись руководителя

16.11.2023 19:19 ДУЙСЕНОВА ТАМАРА



Тип документа	Входящий документ
Номер и дата документа	№ Д-3381//16-04/Б-1584 от 17.11.2023 г.
Организация/отправитель	МИНИСТЕРСТВО ТРУДА И СОЦИАЛЬНОЙ ЗАЩИТЫ НАСЕЛЕНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
Получатель (-и)	АППАРАТ ПРАВИТЕЛЬСТВА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН



Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II «Об электронном документе и электронной цифровой подписи», удостоверенный посредством электронной цифровой подписи лица, имеющего полномочия на его подписание, равнозначен подписанному документу на бумажном носителе.